

**«№31 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 29.02.2024

**Катысқандар: 5
Катыспағандар: 7**

Күн тәртібі

1. 2023 жылдың қорытындысы.
2. Мектептің мемлекеттік аттестациядан өтуі туралы.
3. Мектептің күрделі жөндеуден өткізу мәселесі.
4. Мектепке Ұлы тұлғалардың атын беру туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Айнур Сапаргалиевнаны тындауды. Ол 2023 жылдың қорытындысын айтып өтті.

Нақтырақ айтқанда 2023 жылға бюджет 1 474 958 205,00 теңгені құрады (жергілікті бюджеттен). Педагогтар мен мектеп қызметкерлердің жалақысы, аударымдары, салықтары және медициналық сақтандыру сомасы -1 219 438 156,78. 1-4 сыныптар мен аз қамтылған окушыларды тамактандыруға – 104 246 135,69 теңгені құрады.

Сондай-ақ, Айнур Сапаргалиевна жаңадан жасақталған пәндік кабинеттердің фотоларын және ағымдағы жөндеуден кейінгі мектептің жағдайын көрсетті.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Мухамеджанов Нурлан Мырзабекович жалпы кабинетті жасақтауға не кіретіндігін және тағы да қосымша кабинеттерді жөндеу жұмыстары болатындығы туралы сұрады.

Камалиева Эльвира Каусаровна негізгі ғимараттағыдай бастауыш мектепке де жиһаздар және дивандар алынса жақсы болатындығын айттып өтті.

ТЫНДАЛДЫ:

Екінші сұрақ бойынша Айнур Сапаргалиевна келесі жылы мектеп мемлекеттік аттестациядан өтетіндігі туралы хабардар етті. Мектебіміз аттестацияның бірінші кезеңінен өтіп, жазғы мерзімде толық құжаттарды дайындастынын айттып өтті. Айнур Сапаргалиевна күнделік.kz платформасында ата-аналардың белсенділігі де аттестацияға әсер ететіндігін айттып, ата-аналар комитетінің төрайымдарынан сыннып ата-аналарымен жұмыс жасап, қолдау көрсетуді құрады.

СӨЙЛЕДІ:

4 «Е» сыныбының ата-аналар комитетінің төрайымы Камалиева Эльвира Каусаровна мектеп директорын қолдап, ата-аналардың логиндері мен күпия сөздерін таратып, жұмысты жандандыратынын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің барлық мүшелері аттестацияға дайындық барысында барынша қолдау көрсететінін ескертті.

ТЫНДАЛДЫ:

Үшінші сұрақ бойынша Айнур Сапаргалиевна күрделі жөндеуге дайындықтың қалай жүріп жатқанын айтты. Ол ЖСҚ құжаттарының дайын екендігін, алайда құжаттарға түзетулер енгізу керектігін айтты өтті. Берілген қаржыны 4 маңызды сәтке есептелетіні анықталды (шатыр, дәретхана, терезелерді 100% ауыстыру, су құбыры және кәріз).

СӨЙЛЕДІ:

6 «Г» сыныбының ата-аналар комитетінің төрайымы Нурсулу Советовна ЖСҚ құжаттарына түзетулер енгізуге көмектесетінін мәлімдеді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Несина Наталья Владимировна мектептің күрделі жөндеуі оку уақытында басталса бастауыш сынып оқушыларын қашықтықтан оқытуға, жоғары сынып оқушыларын жаңа ғимаратқа ауыстыруды сұрады.

ТЫНДАЛДЫ:

Соңғы сұрақ бойынша директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Айдана Ералықзы Білім басқармасы жіберген акпаратпен таныстырыды. Білім Айдана Ералықзы Білім басқармасы жіберген акпаратпен таныстырыды. Білім мектептерге атап беру туралы акпаратты және атауын беруге болатын зиялды қауым өкілдерінің тізімін жіберді. Мектеп ұжымы педагогикалық кеңесте Мәлік Ғабдуллиннің есімін таңдал, бірауыздан дауыс берді. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері де ұлы ұстаз Мәлік Ғабдуллиннің есімін беруге толықтай келісіп, дауыс берді.

Шешімі:

1. Келесі оку жылында бастауыш сынып оқушыларына арналған шкафтар алып, оларды киім іletін бөлмеге орнату («Нұр-Астана Құрылыш» ЖШС жөндеуден кейін). Сондай-ақ, бастауыш буынның әр қабатына дивандар алып, орналастыру.
2. Жазғы уақытта мектептің аттестациясына қажетті құжаттарды дайындау. Ата-аналар комитетінің төрайымдарына kundelik.kz.-тегі жұмысты жандандыру, директордың цифрландыру бойынша орынбасарымен бірге ата-аналардың логиндері мен құрия сөздерін беру. Әр ата-ана өз логинімен kundelik.kz.-ке кіру керек.
3. ЖСҚ түзетуге құжаттарды дайындау, берілген қаржыны 4 маңызды сәтке есептелсін (шатыр, дәретхана, терезелерді 100% ауыстыру, су құбыры және кәріз).
Мектепті күрделі жөндеудің басталуы жағдайында 5-11 сынып оқушылары жаңа ғимаратқа, ал бастауыш сынып оқушылары қашықтықтан оқыту форматына ауыстырылсын.
4. Біздің мектепке Малік Ғабдуллиннің есімін беру мүмкіндігі туралы Білім басқармасына ресми хат жіберілсін.

5. Мектептің, негізгі және қосымша ғимараттың жанында жол белгілерін орнату үшін қала әкімдігіне ресми хат жазылсын.
6. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне Ш. Иманбаев көшесіндегі жаңа салынған ғимараттың тұрақтан шығуын өзгерту үшін қала әкімдігіне хат жазылсын.
7. Жаңа ғимараттың кіреберіс бөлігі ретке келтірлісін ("көктайғаққа қарсы" техникалық тұз көбірек себілсін, кіреберіс жақсы су эмульсиясымен ағартылсын).
8. Бракераждық комиссияның жұмысын қайта жандандыру.

Тәрайымы
Хатшы

Н.Несина
А.Әскербекова